

БЕКІТЕМІН
«Әлихан Бөкейхан атындағы
гимназиясы» КММ директоры
К. Нургалиева
“ 01 ” 09 2023 ЖЫЛ



**Лауазымдық нұсқау
ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГ**

**ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ
МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

- Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің оқу іс-әрекетінің білім беру уәждемесін, үлгерімін, шығармашылық өзін-өзі іске асыруын, психологиялық жай-күйін тұрақтандыру, бейінді өзін-өзі айқындау және басқа да қолайлы жағдайларын **ҚАЛЫПТАСТЫРУ**.
- Білім беру қызметіндегі қиындықтарды **АНЫҚТАУҒА ЖӘНЕ ДИАГНОСТИКАЛАУҒА**, консультация беруге, білім беру ортасы жағдайында психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу мен қолдау көрсетуге, білім алушылардың, тәрбиеленушілердің, педагогтардың, ата-аналардың немесе өзге де заңды өкілдердің психологиялық салауаттылығын сақтау және нығайтуды көздейді.

ҚҰРАМЫ

- **Психологиялық қызмет – білім беру ұйымының АЛҚАЛЫ ОРГАНЫ. ҚҰРАМЫНДА – білім беру ұйымы басшысының (директордың) орынбасары, педагог-психологтар, әлеуметтік педагог.** Психологиялық қызметтің құрамы орта білім беру ұйымы басшысының бұйрығымен реттеледі және бекітіледі.
- **СЫНЫП ЖЕТЕКШІЛЕР, ТӘРБИЕШІЛЕР, ПӘН МҰҒАЛІМДЕРІ, МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР**, білім алушылар мен тәрбиеленушілерді психологиялық-педагогикалық қолдау процесіне қатысады және лауазымдық міндеттеріне сәйкес ата-аналармен және өзге де заңды өкілдермен өзара іс-қимыл жасайды.

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ ПРОЦЕСІ

- **БАСТАУЫШ** білім беру деңгейінде – әрбір білім алушының бейімделуі және шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру кезінде танымдық және оқу уәждемесін, дербестігін және өзін-өзі реттеуді дамытуда қолдау көрсету.

- **НЕГІЗГІ орта** білім беру деңгейінде – оқытудың жаңа жағдайларына бейімделу, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің танымдық және оқу іс-әрекетін дамыту, жеке және құндылық-мағыналық өзін-өзі дамыту және өзін-өзі міндеттерін шешуде қолдау көрсету, танымдық процестерге тұрақтылықты қалыптастыру.
- **ЖАЛПЫ орта** білім беру деңгейінде – білім алушы мен тәрбиеленушіге өзін-өзі анықтауға және жеке сәйкестілікке, бейінді бағдарлануға көмек көрсету, мақсат қою және дербес шешімдер қабылдау қабілетін дамытуға, орнықты дүниетанымдық қалыптастыруға жәрдемдесу болып табылады.

ЛАУАЗЫМДЫҚ МІНДЕТТЕРІ

- **ЛАУАЗЫМДЫҚ МІНДЕТТЕРІ** «Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 БҰЙРЫҒЫНА СӘЙКЕС ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАДЫ».

ҚЫЗМЕТ ТӘРТІБІ ҚАМТИДЫ

Бақылау, әңгімелесу, диагностика жүргізу, сондай-ақ білім алушылар мен тәрбиеленушілерден, ата-аналардан немесе өзге заңды өкілдер мен педагогтерден келіп түскен ауызша немесе жазбаша түскен өтініштерді (сұраныс) талдау арқылы білім алушылар мен тәрбиеленушілерді оқытудағы, дамыту мен тәрбиелеудегі **ҚИЫНДЫҚТАРДЫ АНЫҚТАУ**

Білім алушылар мен тәрбиеленушілерге жеке немесе топтық әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық **ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ**

Білім алушылар және тәрбиеленушілермен, педагогтармен және ата-аналармен немесе өзге де заңды өкілдермен өзара іс-қимылдың интерактивті нысандарын қоса алғанда, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу жөніндегі іс-шараларды, педагогикалық кеңестер, семинарлар мен конференциялар **ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ**

Әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді қамтамасыз ететін педагогтер мен мамандардың **ПӘНАРАЛЫҚ ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ**

Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің табысты әлеуметтенуі, кәсіби бағыттылығын, бейіндік оқу траекториясы мен жеке білім беру кеңістігін саналы тандауына **ЖАҒДАЙ ЖАСАУДЫ ҚАМТИДЫ**

Психологиялық қызметтің принциптері

- Кәсіби **ӘДЕПТІ САҚТАУДЫ;**

- Баланың жеке басына **ЭМПАТИЯ және ҚҰРМЕТ** көрсетуді;
- Білім алушы мен тәрбиеленушінің жеке және жас ерекшелігін **ЕСЕПКЕ АЛУДЫ**;
- Психологиялық және педагогикалық білімді **ИНТЕГРАЦИЯЛАУДЫ**;
- Баланың құқықтары мен мүдделерін сақтай отырып, ақпараттын **ҚҰПИЯЛЫЛЫҒЫН**;
- Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің, ата-аналардың немесе өзге де заңды өкілдердің, педагогтардың денсаулығына, ар-намысы мен қадір-қасиетіне зиян келтіру мүмкіндігін **БОЛҒЫЗБАУДЫ**;
- Білім алушылар мен тәрбиеленушілерді білім беру процесінде сүйемелдеудің **ҒЫЛЫМИ, КЕШЕНДІЛІГІ**, бірізділігін, кезеңділігін және үздіксіздігін ескере отырып жүзеге асыруды;

Педагог-психологтың 5 БАҒЫТЫ

- | | |
|--|---|
| 1) Диагностикалық | Бүкіл оқу кезеңіндегі балалардың ерекшеліктерін психологиялық-педагогикалық зерделеу. |
| 2) Консультациялық | Білім беру үрдісінің қатысушыларына дербес көмек көрсету. |
| 3) Дамытушылық
(түзету) | Білім алушылармен және тәрбиеленушілермен жаңа білімге, дағдылар мен қабілеттерге қатысты уәждемені қалыптастыру, оларды игеру мүмкіндіктері, оқу және танымдық қызметте өзін-өзі көрсете алу мүмкіндіктері бойынша жеке жұмыс. |
| 4) психологиялық-педагогикалық ағарту | Білім алушылар мен педагогтардың кәсіби өсуіне, өзін-өзі анықтауына жәрдемдесу (сынып сағаттар, семинарлар, ата-аналар жиналысы, педагогикалық кеңестер, интерактивті әдістер мен дәрістер) |
| 5) ұйымдастыру-әдістемелік | ПҚ жұмысына мониторинг жүргізу және талдау, көрнекі материалдарды дайындау, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің сүйемелдеуімен пәнаралық тәсілді әзірлеу және ғылыми әдістемелік жұмысты жүргізу. |

Өтініштер (сұраныс) бойынша жұмыс тәртібі

- білім алушының немесе тәрбиеленушінің өтініші тіркеледі және психологиялық қызмет мамандарымен қаралады;
- педагог-психолог ата-аналармен психологиялық көмек көрсету және өткізу кестесін, форматын жазбаша келіседі;

- жүргізілген диагностикалық жұмыстың қорытындысы бойынша педагог-психолог қалыптасқан жағдайдың себебін анықтайды және айқындайды, психологиялық-педагогикалық қорытынды мен ұсынымдар жасайды, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу мамандарымен бірлесіп, жеке жұмыс жоспарын әзірлейді, оны орта білім беру ұйымдарының бірінші басшысы бекітеді;
- ата-аналардың өтініштері психологиялық қызметтің мамандарымен тіркеледі және қаралады;
- психологиялық қызметтің мамандары сынып жетекшісімен бірлесіп жағдайды зерделейді және психологиялық қызметтің негізгі жауапты маманын айқындайтын орта білім беру ұйымының басшысын хабардар етеді;
- әлеуметтік немесе психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің жеке жоспары жасалады (2 данада, жазбаша түрде ата-анасы куәландырады)
- психологиялық жай-күй немесе мінез-құлық, құқықтық, әлеуметтік немесе отбасылық-тұрмыстық проблемалар анықталған кезде білім алушы немесе тәрбиеленуші тиісті бейіндегі мамандарға консультацияға жіберіледі
- білім алушылар мен тәрбиеленушілерде эмоционалды-еріктік, мінез-құлық тәуекелдері мен *оқуда және дамуда қиындықтар*, сондай-ақ *кәсіби күйін қалудың* өзіндік проблемалары *анықталған* жағдайда педагогтердің өтініштері;
- педагогтің өтініші тіркеледі және психологиялық қызмет мамандарымен қаралады;
- психологиялық қызметтің мамандары жағдайды зерттеп, басшыны хабардар етеді;
- әлеуметтік, психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетудің нысандары мен әдістерін анықтайды;
- психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді қамтамасыз етеді, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің құқықтары мен мүдделерін ескере отырып, алынған деректердің құпиялылығын сақтайды.

ҰСЫНЫЛАТЫН ҚЫЗМЕТ ТӘРТІБІ **ПҚ ОРНАТУҒА МҮМКІНДІК БЕРЕДІ**

Әрбір білім алушыны әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық сүйемелдеумен қамтамасыз етуге қойылатын бірыңғай талаптарды **АЙҚЫНДАУ**: психологиялық қызметтің бірыңғай бағыттары, мақсаттары, міндеттері, қағидаттары, мүшелерінің және психологиялық –педагогикалық қолдау процесіне қатысушылардың құрамы

Білім беру процесіне қатысушылардың (білім алушылар мен тәрбиеленушілер, ата-аналар, педагогтер) психологиялық қызметіне **ЖҮГІНУ ТӘРТІБІН РЕТТЕУ**

Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық мәдениетін **АРТТЫРУ**

Баланың құқықтары мен мүдделерінің **САҚТАЛУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ**.